

Жамбыл облысында қар көшкіні салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 82 қаулысы

2017 жылғы 17 ақпанда Жамбыл облысында қар көшкіні салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Жамбыл облысында қар көшкіні салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, жазатайым оқиғаның себептерін жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия басшысы С.Ә. Жасұзақов Жамбыл облысында қар көшкіні салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру нәтижелері мен зардап шеккендерге және қаза тапқандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 18 ақпандағы
№ 82 қаулысына
қосымша

Жамбыл облысында қар көшкіні салдарынан болған топтық жазатайым оқиғаның себептерін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Жасұзақов Сәкен Әділханұлы	Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, басшы
Мұхтаров Талғат Сәбитұлы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, басшының орынбасары
Савельева Татьяна Михайловна	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Ильин Юрий Викторович	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Жақыпова Светлана Қабыкенқызы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау в и ц е - м и н и с т р і
Ц о й А л е к с е й Владимирович	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Орынбеков Бекболат Серікбекұлы	Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК